

«Келісілді»  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі  
Мектепке дейінгі және орта білім  
комитетінің төрағасы  
 М. Мелдебекова  
«11 » 09 2021 ж.

«Бекітемін»  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі  
«Ұлттық тестілеу орталығы»  
РМКК директоры  
 Д. Смагулов  
2021 ж.

Қазақ тілі (оқыту қазақ тілінде емес) пәні бойынша мектеп бітірушілерді  
қорытынды аттестаттауға арналған тест спецификациясы  
(2021 жылдан бастап қолдану үшін)

Тест спецификациясы келесі құжаттардың негізінде әзірленген:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарты»;
- ҚР БFM 2018 жылғы 31 қазанды №604 бұйрығымен бекітілген (ҚР БFM 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) «Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарты»;
- ҚР БFM 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім деңгейінің жалпы білім беретін пәндері бойынша ұлгілік оку бағдарламалары (5-9 сынып);
- ҚР БFM 2017 жылғы 27 шілдедегі №352 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптары үшін (орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы оку бағдарламалары аясында) жалпы білім беретін пәндер бойынша ұлгілік оку бағдарламалары.
- ҚР БFM 2019 жылғы 7 наурыздағы №105 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптары үшін (орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы оку бағдарламалары аясында) жалпы білім беретін пәндер бойынша ұлгілік оку бағдарламалары.

**Тестті әзірлеу мақсаты:** Қазақ тілі (оқыту қазақ тілінде емес) пәні бойынша қогамдық-гуманитарлық бағыттары негізгі орта және жалпы орта білім беру оку бағдарламаларын менгеру дәрежесін анықтау.

**Тест мазмұны:** Тест тапсырмаларының қындығы 3 деңгейде беріледі: бірінші деңгейде – 5, екінші деңгейде – 6, үшінші деңгейде – 7 тапсырма.

Кешенді тест мектеп бітірушінің коммуникативті-тілдік күзіреттілігінің қалыптасу деңгейлерін анықтайды. Тест екі бөліктен тұрады:

### I блок – Тындалым

Бұл бөлімде тындауға 2 мәтін және әр мәтінге 5 тест тапсырмасы беріледі. Тындалымға ұсынылған материал 2 минуттық үзілісті сақтай отырып, 2 қайтара жазылған. Әр мәтінді тындалап болған соң, оған арналған тест тапсырмаларын орындауға уақыт беріледі. Екі мәтін арасындағы үзіліс – 5 минут.

Мектеп бітірушілердің қазақ тілінде мәтінді ауқымды және түбегейлі түсініү фондық қабылдау үрдісінде тілдік, әлеуметтік-мәдени, компенсаторлық, оқу-тансымдық күзіреттілігі қамтылған тілдік материалдар негізінде тексеріледі.

### II блок – Оқылым

Бұл бөлімде окуға 2 мәтін ұсынылады. Бірінші мәтінге 5 тест тапсырмасы беріледі. Оның ішінде 3 тест тапсырмасы мәтін мазмұнына, 2 тапсырма тілдік бағдарға құрылады.

Екінші мәтін бойынша ашық формадағы қысқаша немесе толық жауапты қажет ететін 3 тест тапсырмасы беріледі. Сол арқылы білім алушының «Жазылым» дағдысы тексеріледі.

63  


**Жазылым.** Жазылымға арналған тест тапсырмаларының мақсаты: публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, баспасөз парагы, қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келису, келіспеу» эссе, дискуссивті эссе, аргументативті эссе), шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазу, тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтап ұсыну, ғылыми-көпшілік және көркем мәтіндердегі негізгі ұғымдарды анықтай отырып, жинақы мәтін құрастыру, мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормага сай жазу, сөйлем деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу;

Тестке жалпы білім беретін мектептерге арналған қазақ тілі (оқыту қазақ тілінде емес) пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес оқу материалдары енгізілген.

| №  | Бөлім    | №  | Тақырып  | №  | Оқу мақсаттары  |
|----|----------|----|--|----|---|
| 01 | Тыңдалым | 01 | Еңбек нарығы<br>және сұраныс<br>Отандық<br>өнеркәсіп өнімі<br>Қазақ киносы мен<br>театрының қазіргі<br>келбеті<br>Ұлттық<br>экологиялық<br>мәдениет<br>Мұхит – тіршілік<br>мекені<br>Діни таным және<br>мерекелер<br>Сауда мен көмек:<br>екі жақты<br>келісімді сауда.<br>Бұқаралық<br>ақпарат<br>құралдарындағы<br>гендерлік бейне<br>Жер планетасын<br>дағы қауіпті<br>қалдықтар | 01 | - прозалық шығарманы тыңдау,<br>шығармада көтерілген жалпыадамзаттық<br>мәселені айқындау;<br>- мәтін үзінділere бойынша болжам жасау,<br>өз біліміне сүйеніп тақырыпты<br>жалғастыру;  |
|    |          |    |  | 02 | - көтерілген мәселе бойынша әртүрлі<br>дереккөздерден алынған мәтіндерді<br>тыңдау және салыстыру, өз көзқарасын<br>аргументтер негізінде дәлелдеу  |
|    |          |    |  | 03 | - драмалық шығарманы тыңдау,<br>шығармада көтерілген жалпыадамзаттық<br>мәселені айқындау;<br>- мәтіннен автордың көзқарасын (негізгі<br>ойын) негіздейтін аргументтерді талдай<br>ottyрып, астарлы ойды анықтау  |
|    |          |    |  | 04 | - мәтінді тыңдай отырып, негізгі<br>идеяларды (ақпараттарды) қысқаша<br>түртіп жазу (конспектілеу), жазбаға<br>сүйеніп мәтін мазмұнын түсініру  |
|    |          |    |  | 05 | - оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-<br>мәдени тақырыптар аясында<br>қолданылған сөздер мен термин сөздердің<br>мағынасын түсінү   |
| 02 | Оқылым   | 02 | Әлеуметтік<br>теңсіздік: адам<br>құқықтары және<br>көмек<br>Жастардың<br>денсаулығы -<br>қоғам байлығы<br>Сандық<br>технологияны<br>пайдаланудағы<br>теңсіздік<br>Заң мен қылмыс<br>Тәуелсіз еліміздің   | 06 | - ғылыми-көпшілік және публицистикалық<br>стильдегі мәтіндердің (мақала) құрылымы<br>мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік<br>ерекшеліктерін талдау;<br>- әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-<br>қоғамдық мәселені талдау және<br>кейіпкерлерді шынайы өмірмен<br>салыстырып бағалау |
|    |          |    |  | 07 | - мәтіндегі негізгі және қосымша<br>ақпараттарды анықтай отырып, факті мен<br>көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен<br>байланысын анықтау;<br>- мәтін мазмұнындағы деректі ақпаратты  |

|     |         |   |                |  |
|-----|---------|---|----------------|--|
|     |         | өткені мен келешегі<br>Ұлттық театр – енер ордасы<br>Туризм:<br>экотуризм<br><br>Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік тенсіздік<br>Экология.Мұнай және атомдық индустрия<br>Тіл. Өнер.<br>Әдебиет.<br>Қоғамдағы жұмыссыздық мәселесі                    | 08<br>09<br>10 | толық анықтап, негізгі ойға өз көзқарасын білдіру және оны бағалау.<br><br>- мәтін тақырыбына байланысты қосымша материалдарды энциклопедиялардан тауып, ортақ қорытындылар жасау<br><br>- әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдау және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау<br><br>- ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндер (мақала, интервью) бойынша салыстырмалы (жанры, құрылымы, тілдік құралдары, мақсатты аудиториясы) талдау жасау;<br>- мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау.   |
| 2.1 | Жазылым | Әлемдегі ерлер мен әйелдердің құқықтары мен тенденциялары<br>Жастар мәселесі нің түйіткілдері<br>Жаһандық мәселелер: көші-қон саясаты<br>Толеранттылық – ел бірлігі<br>Ұлт мұраты – ұлттық қауіпсіздік<br>Бос уақыт – қоғам дамуының көрсеткіші | 11<br>12<br>13 | - публицистикалық және ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағын мақала жазу;<br>- мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормага сай жазу;<br>- ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден негізгі ұғымдарды анықтай отырып, жинақы мәтін (компрессия) құрастыру<br><br>- публицистикалық және ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, интервью жазу;<br>- тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтап ұсыну (тірек-схема, менталды карта, презентация)<br><br>- қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келису, келіспеу» эссесі);<br>- шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазу,<br>- мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормага сай жазу; Сөйлем деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу |

**Тест тапсырмаларының формалары:**

Жабық формадағы бір дұрыс жауапты және ашық формадағы қысқаша немесе толық жауапты қажет ететін тест тапсырмалары.

**Тест тапсырмаларының саны:**

Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының саны – 18: бір дұрыс жауапты 10 тест тапсырмасы, контекст негізінде бір дұрыс жауапты 5 тест тапсырмасы, ашық түрдегі қысқаша немесе толық жауапты 3 тест тапсырмасы.

**Тест тапсырмаларын орындау уақыты:** Тестті жалпы орындау уақыты – 80 минут.

**Жеке тест тапсырмаларының және барлық тесттің орындалуын бағалау:**

Дұрыс орындаған бір дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаса – 0 балл. Барлығы – 10 балл.

Контекст негізінде дұрыс орындалған бір дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаса – 0 балл. Барлығы – 5 балл.

Ашық түрдегі дұрыс орындалған 1 тест тапсырмасына 0-ден 5 балға дейін, максималды – 5 балл. Барлығы – 15 балл.

Барлық тест бойынша жиналатын максималды балл – 30.

Мұттар - Роза   
 Айнур